



Қазақстанның  
ҒЫЛЫМИ  
МЕДИЦИНАСЫНДА  
ҚОЛДАНЫЛАТЫН  
ӨСІМДІКТЕР

# Дәрілік өсімдіктер

- Дәрілік өсімдіктер (лат. *Plantae medicinalis*) , шипалы өсімдіктер – медицинада және мал дәрігерлігінде емдеу және аурудын алдын алу мақсатында қолданылатын өсімдіктер.

# Көздәрі-*Euphrasia officinalis*



# Көздәрі-*Euphrasia officinalis*

- сұңғыла тұқымдасына жататын бір немесе көп жылдық жартылай паразитті шөптесін өсімдіктер туысы.
- Жер шарында кең тараған, негізінен, Солтүстік жарты шарда кездесетін 200-дей түрі белгілі. Қазақстанда далалық аймақтарда, құрғақ шалғындар мен субальпілік шалғынды жерлерде, сиретілген ормандар, бұталар арасында, тыңайтылған жерлерде өсетін 11 (оның төртеуі – эндем) түрі бар.

# Көздәрі-*Euphrasia officinalis*

- Халық медицинасында бұл өсімдіктердің құрамынан алынатын дәрілік заттармен көз ауруларын емдейді. Өсімдіктің аты осыған байланысты қойылған





u-lekar.ru



# Дәрілік жалбызтікен (Althaea officinalis)

- — құлқайырлар тұқымдасына жататын көпжылдық шөп өсімдігі.
- Оңтүстіктің өзен жағалары мен ылғалды шабындықтарында және бұрынғы КСРО-ның орта алқабында жабайы өсетін өсімдік. Аптекалық жалбызтікен ылғалды және фосфорлы жерді жақсы көреді. Мұның жанама тамырлары кептіріледі де, олар дәрілікке жұмсалады (негізгі тамырлары жарамайды)



# Дәрілік өсімдік шикізаты

- Дәрілік өсімдік шикізаты- дәрілік жалбызтікен тамыры. Дәрілік жалбызтікен тамыры - цилиндрге ұқсас тығынынан тазартылған тамыр немесе 2-4 бөлікке тармақталған ұшына қарай аздап жіңішкерген ұзындығы 10-35 см, ені 2 см. Тамырдың сыртқы қабаты көлденең қабыршақталған ұзын, жұмсақ қабық талшықтарынан тұрады және қара дақтардан – өздігінен үзіліп қалған немесе кесіп алынған жіңішке тамырлардың ізі.



# Қолдануы

- Дәрілік жалбызтікен тамырының медициналық қолданылуы: тыныс жолдарының қабынуы жағдайында, сондай-ақ ауыр гастрит, энтероколит, іш өту кезінде, қақырық түсіретін және жараны тез бітіретін зат болып табылады.
- Препараттар: ұнтақ, тұнба және шәрбат түрінде қолданылады, жалбызтікен жапырақтарынан Мукалтин деген препарат алынады. Оны қақырық түсіруге қолданады

# ЖАЛБЫЗТІКЕН (тамыры)

фито-шай  фито-чай

**АЛТЕЙ**  
(корни)

50 г





Украина, ООО "ОЗ "ГНЦЛС"  
г. Харьков, ул. Воробьева, 8

алтея лекарственного травы экстракт

# МУКАЛТИН

таблетки по 50 мг

Для приема внутрь

10 шт



# Дәрілік түймедақ

- Дәрілік түймедақ<sup>[лат. *Matricaria chamomilla*]</sup> – астралылар тұқымдасына жататын бір жылдық шөп тектес өсімдік.



tisyachelistnik.ru

tisyachelistnik.ru

# Химиялық құрамы

- Дәрілік түймедақтың гүлдерінің құрамында 0,2-0,8% дейін көк түсті эфир майы бар, эфир майының ең басты компоненттері матрицин мен матрикарин, осы қосылыстардан хамазулен (7% жуық) түзіледі, бұлардан басқа эфир майының құрамына сесквитерпендер фарнезен, бисаболен, кадинен және монотерпен мирцин кіреді.
- Сонымен қатар эфир майында флаваноидтар, кумариндер, ұштерпен спирттер, салицил қышқылы, аскорбин қышқылы, каротин және т.б. заттар кіреді.

# Қолдануы

- Дәрі үшін өсімдіктің гүлдерін сабағынан үзіп, жинап алады.
- Түймедақтың гүлінен жасалған дәрілердің жел шығаратын, қабынуға қарсы әсер ететін, тер шығаратын, ауырған жерлерді тыныштандыратын, денедегі бұлшық еттердің тырысуына қарсы әсер етеін қасиеттері бар.
- Сонымен қатар қан тоқтататын, микробты жоятын, өт айдайтын, етеккірдің келуін реттейтін дәрі ретінде де қолданады.
- Халық медицинасында өсімдік гүлдерінің түнбасынан жасалған дәрілерді асқазанның, тоқ ішектің қабынуын, бауырдың, бүйректің, қуықтың ауруларын емдеу үшін пайдаланады.



# Қолдануы

- Дене сыртындағы ірінді жараларды, ванна жасау арқылы подаграны, ревматизм ауруына байланысты буындардың сырқырағанын емдейді.
- Тамақ бездері мен тіс түбіріндегі еттер қабынғанда ауызды және тамақты шаяды.
- Түймедақты шаштын қайызғағын кетіру үшін де пайдаланады.
- **Препараттар:** Дәрілік түймедағы гүлінен дайындалған тұндырма ішуге, шайқауға, ванна қабылдауға, клизма жасауға тұнба күйінде ұсынылады. Асқазан мен жұмсартатын шөптер жиынтығына да қосады. Дәрілік түймедағының экстракты мен эфир майы «Ромазулан» препаратының құрамына кіреді. Сұйық экстракты мынжапырақ және қырмызыгүл экстрактарымен бірге «Ротокан» препаратының құрамына кіред



**ДЭРІЛІ ТҮЙМЕДАҚ,**  
гүлі

*Chamomilla recutita, flores*

**РОМАШКА  
АПТЕЧНАЯ,**  
цветки



# Өгейшөп (лат. *Tussilago*)

- – астралылар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.



# Өгейшөп

- Өгейшөптің жапырағының құрамында глюкозид, эфир майы, инулин, илік заттар, аскорбин қышқылы болады. Халық медицинасында өгейшөпті Гиппократ пен Авиценна заманынан бері қолданып келеді. Оны қолқа демікпесін, созылмалы бронхитті, ларингитті, жоғары тыныс жолдарының қабынуын емдеуге пайдаланады. Тұнбасын жөтелді басу үшін ішеді. Гүлінен ара бал жинайды



# КЕУДЕГЕ АРНАЛҒАН ӨГЕЙШӨППЕН

фрито-шай  фрито-чай

**ГРУДНОЙ с  
МАТЬ-И-МАЧЕХОЙ**



50 г





# Салаубас (лат. *Helichrysum*)

- астралылар тұқымдасына жататын бір жылдық және көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Қазақстанның жазық, тастақты жерлерінде, құм топырақты қуаң далаларында және теңіз деңгейінен 600 — 2500 м биіктікте өсетін 2 түрі: құм салаубасы (*Helichrysum arenarium*) және Самарқан салаубасы (*Helichrysum maracandicum*) бар.



# Емдік қасиеті

- Салаубастың құрамында флавоноидтар, флавоногликозидтері, эфир майы, стеарин қосындылары, илік және бояғыш заттар, шайыр мен каротин бар.
- Салаубастың гүлдері халық медицинасында ертеден дәрілік мақсатта қолданылып келеді Оны шетенмен, шайқураймен, күнбағар гүлімен, жүгерімен қосып, бауыр және өт жолдарының ауруларын (холециститі) емдейді, асқазан қышқылы азайған жағдайда ішеді.
- Сондай-ақ, салаубастың гүлін кептіріп, гүлшоғын (букет) жасайды, олардың гүлі ұзақ уақыт солмай, жақсы сақталады.



# Жусан (лат. *Artemisia*)

- астралылар тұқымдасына жататын көп жылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер тегі, көбіне шала бұта.





# Емдік қасиеті

- Жусанның құрамында шырышты және шайырлы заттар, каротин, С витамині, эфир майы мен аздаған алкалоидтар бар.
- Тамырында илік заттар, инулин және эфир майы болады. Қара Жусанның емдік қасиеті ерте кезден-ақ белгілі болған. Шөбі мен тамырының тұнбалары тәбет ашады, асқазан, ішек бездерінің қызметін күшейтеді, жүйке жүйесін тыныштандырады
- Сондай-ақ оның тер шығаратын, ішек құртын түсіретін қасиеті бар. Демікпеге шалдыққан адамға Қара Жусанның сабағы мен жапырағының түтінін иіскетеді. Қытай медицинасында бүйрекке тас байланғанда Қара Жусан шөбінің қайнатындысынан ванна жасайды.
- Қара Жусан – мал азықтық өсімдік



# Жалбыз - *Mentha*

- ерінгүлділер  
тұқымдасына  
жататын көп  
жылдық  
тамырсабақты  
өсімдік.



# Жалбыз

- Дәрілік өсімдіктердің бірі - жалбыз. Ол - хош иісті, көп жылдық шөптесін өсімдік. Солтүстік қоңыржай ендікте көп тараған. КСРО-да 20-дан астам түрі өседі. Қазақстанда жалбыздың 9- түрі өседі. Сабағы тік, жапырақтары қарама қарсы орналасқан болады.
- Оның дала жалбыз, су жалбызы, бұйра жалбыз, кермек немесе бұрыш жалбыз секілді маңызды түрлері бар. Дала жалбызы суармалы жерлерде, өзен, көл, бұлақ маңында, шалғындықтар мен тоғайларда, арық бойында өседі. Оны сабынның иісін жақсарту үшін пайдаланады, дәрілік те маңызы бар. Ал кермек жалбыздың жапырағы мен гүл шоғынан жалбыз эфир майы алынады.
- Бұл майдың негізгі құрам бөлігі - ментол. Ментю парфюмерия, косметика кондитер, кондитер, тамақ өнеркәсібінде, сондай- ақ тіс порошогы мен пастасын жасауда пайдаланылады. Жүрек тамыр жүйесі ауруларына қарсы қолданылатын дәрі
- Валидол осы ментолдан алынады.





# Қосүйлі қалақай (лат. *Urtica dioica*)

- қалақайлар тұқымдасына жататын, КӨП ЖЫЛДЫҚ, ШӨП ТЕКТЕС ӨСІМДІК



# Емдік қасиеті

- Дәрі жасау үшін оның жапырақтарын гүлдеген кезінде жинап алады.
- Құрамында С, К, В дәрумендері, пантотен қышқылы, уртицин глюкозиді, хлорофилл, құмырсқа қышқылы, фитостерин, каротин, кальций және тағы басқа заттар бар.
- Ғылыми медицинада қосүйлі қалақай өкпеден, жатырдан, ішектен, геморрой түйіндерінен, асқазаннан қан кеткенде дәрі ретінде қолданылады. Өсімдіктің құрамындағы хлорофилл денедегі зат алмасуын, жүрек пен өкпенің қызметін жақсартады. Қосүйлі қалақайды көптен жазылмай жүрген жараларды емдеуге, ағзадағы дәруменнің жетіспеуін және қанның құрамын қалпына келтіру үшін пайдаланады. Соңғы кезде өсімдікті диабетті емдеуге де пайдалана бастады. Бауыр және өт жолдарының созылмалы ауруларын қалақаймен емдеуге болады.
- Халық медицинасында қосүйлі қалақайдың жапырақтарымен ревматизмді, іштің қатуын, подаграны, бүйрек пен қуық ауруларын, өкпе туберкулезін, геморройды, дизентерияны емдейді. Тамыранан жасалған сулы тұнбаны бронх демікпесін, асқазан ауруларын емдеуге қолданады. Сонымен қатар дене сыртындағы жарақаттарды, іріңді жараларды, сүйектің қабынуын емдеуге де болады. Оны шөмен ауруын емдеуге, дене қызуын басуға және жөтелге қарсы да пайдаланады.



# ҚОСҮЙЛІ ҚАЛАҚАЙ, жапырақтары

*Urtica dioica, folia*

**КРАПИВА  
ДВУДОМНАЯ,  
ЛИСТЬЯ**



# Итмұрын (Rosa canina)

- Итмұрынның ерекшелігі — бағалы витаминдерге бай, жемісі және одан дайындалған дәрі-дәрмектер медицинада негізінен асқазан және бауыр ауруларын емдеуге қолданылады, гүлдерін шайдың орнына пайдалануға болады, күлтелерден дайындалған эфир майы — парфюмерия өндірісінде пайдаланылады.



# Женьшень, женшен, тіршілік тамыры (лат. *Panax ginseng*)

- аралия тұқымдасы, панак туысына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Табиғи жағдайда Қытай, Корея, Ресейде (Приморье және Хабаров өлкесінде) өседі. Қазақстанда мәдени түрде өсіріледі



# Химиялық құрамы.

- Женьшеньнің негізгі шипалық қасиеті оның құрамындағы панаксопонин, панаквиллон, А, В панаксозиді деп аталатын гликозидтерге тікелей байланысты.
- Сондай – ақ дәрілік тамырдың құрамында эфир майлары, панаксин қышқылы, смола, игілік заттар, С, В витаминдері, темір, марганец және басқа да заттар болады.

# Емдік қасиеті

- Женшень тамырынан дайындалған дәрі-дәрмек, ұнтақ, тұнба медицинада организмнің жалпы тіршілік қабілетін, ауруға төзімділігін арттыруға, кейбір жүйке және жүрек-қан тамыры ауруларын емдеуге қолданылады.
- Мал дәрігерлігі практикасында бұл өсімдіктің тамыры асыл тұқымды бұқаларды, айғырларды, қошқарларды ғана емдеуге қолданылады. Оны негізінен облыстық, республикалық мемлекеттік тұқым мал станцияларында ғана қолданады. Женшень тамыры нерв жүйесін, жүрек, өкпе, бауыр, бүйрек уруларын емдеуге қолданылады.
- Жалпы шипалық қасиеті жөнінен оның теңдесі жоқ десек қателеспейміз. Сондықтан, оны халық және медицина қызметкерлері «тіршілік тамыры» деп атаған. Медицина және мал дәрігерлігі практикасында женшень тамыры тұнба, сұйық экстракт және ұнтақ күйінде қолданылады. Женшень тамырының тұнбасы арықтаған асыл тұқымды қошқарға 10 – 20 тамшыдан күніне 2 – 3 рет ішкізіледі.
- Женшеньнің спирттік тұнбасын жасауға да болады

**ТРАВЫ АЛТАЯ**

БЕЛОКОСЬЕ



**ЖЕНЬШЕНЬ**  
**(корень)**